**«АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫ» АҚ**

**Бекітемін**
**«Азаматтық Авиация Академиясы» АҚ**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**
**_______________________Б. Сейдахметов**
**«_____»______________2024ж.**

# АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

**Алматы -2024**

1. **Жол картасының паспорты.**

| | |
|---|---|
| **Атауы:** | Абайдың «Толық адам» концептісі – рухани кемелдену негізі. |
| **Әзірлеуге жауапты:** | Жұмыс тобы. |
| **Мақсаты:** | Ұлы Абай Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтар идеологиясын, «бес нәрседен қашық болу», «бес нәрсеге асық болу» тағылымын, «адамның қасиеті үш түрлі нәрседен» деп көрсеткен өнегелі, гуманистік танымын, адамшылық негіздерін білім алушыларға дәріптеу, рухани жағынан кемелденген, бәсекеге қабілетті білікті маман тәрбиелеу. |
| **Тапсырмалар:** | - Ата-ананы, ұстаздарды сыйлау, үлкендерге-құрмет, кішілерге ізет көрсету, құрметтеу дағдыларын қалыптастыру, өнегелі тәрбиені тыңдау, отбасылық құндылықтарды, көңіл-күйді бағалау, отбасы алдындағы міндеттерді лайықты орындау.<br>- Мейірімділік, абырой, ар-ождан, қадір-қасиет, жауапкершілік, қамқорлық пен әділеттілік, адамгершілік сияқты қасиеттерді ояту, еңбекқорлық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру.<br>-Ұлттық қазынаны қорғау, қазақ (мемлекеттік) тілін білу, мемлекеттік тілге деген құрмет таныту, ұлттық рәміздерді құрметтеу, бейбітшілікті, келісімді, ұйымшылдық пен ұлттық бірлікті сақтау, патриотизм мен отансүйгіштікке, рухани жағынан кемелденуге, мемлекеттілікке тәрбиелеу.<br>- Денсаулықты, салауатты өмір салтын, ақыл-ой тазалығын және эмоционалды тұрақтылықты бағалай білуге үйрету.<br>- Қоршаған ортаға, табиғатқа, ұлттық және мәдени мұраға, табиғи ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| **Күтілетін нәтижелер:** | -Өзінің ата-аналары мен өз ұстаздарын құрметтей білуге үйренеді, отбасы алдындағы жауапкершілігін түсінеді, "шаңырақ", "жеті ата", "тектілік" ұғымдарының мағынасын ұғынады, отбасылық әл-ауқатын бағалауға дағдыланады.<br>- Отбасындағы және мектептегі іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады, өз сөзіне жауап бере алады, ісіне адал болып, кішілерге көмек көрсетіп, үлкендерді құрметтейді. Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғайды, әрі жоғары бағалауға үйренеді, адал еңбектің негіздерін түсінеді.<br>- Патриотизм танытады, белсенді азаматтық ұстанымы, тектілігі бар, өз халқына адал қызмет етуді, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қорғауды өзінің парызы деп санайды, қазақтың салт- дәстүрлерін біледі және оларды сақтайды.<br>-Ой мен дененің тазалығын, салауатты өмір салты мәдениетін, жанның үйлесімділігін қолдайды.<br>-Өз үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаны таза ұстауға тырысады, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарайды, туған өлкенің қайталанбас ерекшеліктерін танып, құрмет тұтады, ұлттық мәдениетті қадірлейді. |
| **Іске асыру мерзімдері.** | 2024-2026. |

## 2. Кіріспе.

Абай өз шығармаларында адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымы тұрғысынан өскелең ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам.Абай адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абай адам баласына қажетті үш нәрсе ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дегенде, Абай толық адам хақында ұстанған көзқарасына сай сипаттарды атайды. Осы үш ұғымнан туындайтын әділет, рахым, мейірім, ар-ұят, талап, еңбек, өнер сияқты қасиеттерге ерекше мән береді. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде үнемі атап көрсетіп отырады. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл – таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

## 3. Іске асыру бағдарламасы.

| № | Іс-шаралардың атауы. | Жауапты орындаушы, бірлесіп орындаушы. | Орындау мерзімі. | | | Орындалуы туралы белгі. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2023-2024 | 2024- 2025 | 2025- 2026 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1.«НҰРЛЫ АҚЫЛ» | | | | | | |
| 1. | Абай мұрасы – халық қазынасы. Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы әртүрлі дөңгелек үстел, семинар, тренингтер өткізу. «Абай және руханият әлемі» атты дөңгелек үстел өткізу | Тулекова Г. Х. | Сәуір | Сәуір | Қыркүйек | |
| 2. | Абайдың қарасөздері және оның қазіргі қоғамдағы маңызы.ПОҚ арасында ой талқы өткізу | Тулекова Г. Х. | Мамыр | Қазан | Қазан | |
| 3. | Семей қаласындағы "Жидебай-Бөрілі" музей-қорығына, Абайдың Жидебайдағы музей-үйіне саяхат | Тулекова Г. Х.<br>Профсоюз АГА. | Маусым | Қараша | Қараша | |
| 4. | Көркем шығарма – өмір айнасы. М. Әуезовтың «Абай жолы» романын оқып талдау | Тулекова Г. Х. | Шілде-тамыз | Желтоқсан | Желтоқсан | |
| 5. | Абай оқулары. Студенттер арасында конкурс ұйымдастыру | Тулекова Г. Х. | | Қыркүйек-қазан | Қаңтар-ақпан | |
| 6. | «Абай» спектаклін тамашалау. Суденттермен театрға бару | Тулекова Г. Х. | | Қараша-желтоқсан | Ақпан | |
| 7. | «Айттым сәлем Қаламқас» «Академия дауысы» Абай әндері бойынша ПОҚ арасында конкурс өткізу | Тулекова Г. Х. | | Қаңтар | Наурыз | |
| 8. | «Абай әндері – халық жүрегінде» атты музыкалық әдеби-сазды поэзия кешін ұйымдастыру | Тулекова Г. Х. | | Ақпан | Сәуір | |
| 9. | Абайдың қара сөздері бойынша челлендж ұйымдастыру | Тулекова Г. Х. | | Наурыз-сәуір | Мамыр | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Абайдың шығармалары- тарих толқынында. Абай туындылары бойынша кітап көрмесін өткізу | Тулекова Г. Х. | | Мамыр | Маусым | |
| 11. | «Өлең- сөздік патшасы, сөз сарасы» Абай өлеңдерін жатқа айту бойынша студенттер арасында конкурс өткізу | Тулекова Г. Х. | | Маусым-қыркүйек | Шілде-тамыз | |
| 12. | Абй кабинетін жабдықтау, ашу | Тулекова Г. Х. | Маусым | Қараша | Қараша | |
| 13. | Кітапхана қорын Абай шығармаларымен толықтыру | Тулекова Г. Х. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 14. | Абайдығ нақыл сөздерімен қабырға стендтерін безендіру | Тулекова Г. Х. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 15. | Жатақхана корпусын Абайдың нақыл сөздері жазылған стендтер мен картиналармен безендіру. | Тулекова Г. Х. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| | **2. «ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ»** | | | | | |
| 1. | Әр түрлі спорт түрлерімен айналысатын және спорттық разрядтары бар студенттерге сауалнама жүргізу. | Бексеитова Г.К. | Қыркүйек | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| 2. | Спорт түрлері бойынша (волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ) ААА спорт секцияларына студенттерді қабылдау | Бексеитова Г.К. | Қыркүйек | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| 3. | Академияның құрама командаларына( волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ)іріктеу үшін спорт түрлері бойынша ішкі жарыстар өткізу | Бексеитова Г.К. | Қыркүйек-желтоқсан | Қыркүйек-желтоқсан | Қыркүйек-желтоқсан | |
| 4. | Күзгі кросс. | Бексеитова Г.К. | Қазан | Қазан | Қазан | |
| 5. | Республика күніне арналған спорттық жарыстар | Бексеитова Г.К. | Қазан | Қазан | Қазан | |
| 6. | ҚР Тәуелсіздік күніне арналған спорттық жарыстар | Бексеитова Г.К. | Желтоқсан | Желтоқсан | Желтоқсан | |
| 7. | Ұлттық спорт түрлері бойынша «Наурыз» спорттық мерекесі | Бексеитова Г.К. | Наурыз | Наурыз | Наурыз | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | Академия құрама командаларының спорт түрлері бойынша Ұлттық студенттер лигасының жарыстарына қатысуы (волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат және тоғызқұмалақ) | Бексеитова Г.К. | Наурыз – сәуір | Наурыз – сәуір | Наурыз – сәуір | |
| 9. | «Отан қорғаушылар күні» ҚФП бойынша жарыстар | Бексеитова Г.К. | Мамыр | Мамыр | Мамыр | |
| 10. | Алматы Марафоны | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 11. | Жаман әдеттердің алдын алу шаралары | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 12. | Алматы тауларындағы 10 маршрут | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 13. | Алматы қаласында өткізілетін марафондарға қатысу | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 14. | «Денсаулық» Спартакиадасы | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 15. | Қалалық және аудандық әкімдіктер өткізетін спорттық жарыстар | Бексеитова Г.К. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| **3.«ЖЫЛЫ ЖҮРЕК»** | | | | | | |
| 1. | Білім алушы, жастардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізу. «Жасыл қозғалыс» Челленджерін өткізу - Академия аумағында ағаш отырғызу. | Абылкасымова Б.Н. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | |
| 2. | Қала және Түрксіб ауданы бойынша сенбіліктерді ұйымдастыру және өткізу | Абылкасымова Б.Н. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | |
| 3. | Білім алушыларды халықтың әлеуметтік осал санаттарына көмек көрсетуге тарту (қарттарды үйде абаттандыру және оларға көмек көрсету, қарттар үйіне, сәбилер үйіне бару, Текелі қаласында патронаж жүргізу), іс-шаралар мен концерттер ұйымдастыру. | Абылкасымова Б.Н. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | Сәуір – мамыр. | |
| 4. | Академия мен колледж еріктілерінің өмірлік қиын жағдайға тап болған халыққа гуманитарлық және әлеуметтік көмек алымдарын ұйымдастыру. | Абылкасымова Б.Н. | Сәуір - мамыр | Сәуір - мамыр | Сәуір - мамыр | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Қайырымдылық акциялары мен жәрмеңкелер өткізу.<br>Білім алушыларда көпмәдениетті сауаттылықты, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті, мәдени-бұқаралық іс-шараларға тарту арқылы толерантты тұлға дағдыларын қалыптастыру, «Қазақстанның болашағы – біздің қолымызда» тақырыбында дөңгелек үстелдер ұйымдастыру | Абылкасымова Б.Н. | Мамыр | Мамыр | Мамыр | |
| 6. | «Ел мен қаланың экологиясын сақтайық» қозғалысының акциясын өткізу | Абылкасымова Б.Н. | Мамыр | Мамыр | Мамыр | |
| 7. | Елдің экологиялық проблемаларына арналған "елдің экологиялық дағдарысынан шығу жолдары мен тәсілдері» атты ғылыми-практикалық конференция өткізу. «Елдің экологиялық ресурстарын қалпына келтіру» «Табиғи теңгерімді сақтауда IT технологияларды қолдану» | Абылкасымова Б.Н. | Желтоқсан | Желтоқсан | Желтоқсан | |
| 8. | 1-4 курс студенттердің психологиялық жағдайын мониторинг ету | Алминова Д.С. | Қыркүйек – ақпан | Қыркүйек – ақпан | Қыркүйек – ақпан | |
| 9. | ПОҚ және студенттерге психологиялық кеңес беру | Алминова Д.С. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 10. | 1-ші курс студенттерін жатаханада «студенттік өмірге» бейімдеу мақсатында тренингтер өткізу | Алминова Д.С. | 1 семестр | 1 семестр | 1 семестр | |
| 11. | Академия және колледж оқытушыларымен «Қауіпті топ студенттерімен жұмыс тәсілдері» семинар-тренинг | Алминова Д.С.<br>Гумар А.М. | 2 семестр | 1 семестр | 1 семестр | |
| 12. | «Мен өмірді тандаймын» атты студенттерге арналған семинар тренинг | Алминова Д.С.<br>Гумар А.М. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13. | Студенттер арасында деструктивті мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған семинар-тренингтер | Алминова Д.С. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 14. | Ішімдікке, нашақорлыққа тәуелсіздігін алдын алу. | Лакова Б.У. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 15. | «Репродуктивті денсаулық және қажетсіз ерте жасөспірімдердің жүктілігінің алдын алу» | Лакова Б.У. | 2 семестр | 1 семестр | 1 семестр | |
| 16. | АИТВ және ЖИТС алдын алу бойынша семинарлар, дәрістер, дөңгелек үстелдер өткізу. | Лакова Б.У. | Жыл бойы | Жыл бойы | Жыл бойы | |
| 17. | «Жаны саудын-тәні сау» семинар | Лакова Б.У. | Жыл бойы | 1 семестр | 2 семестр | |

**Академиялық қызмет жөніндегі проректор** **Жакупов К.Б.**

**КЕЛІСІЛДІ :**

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ

Бексеитова Г.К.____________________
СҚжЖҚ директоры

Абылкасымова Б.Н.________________
ЖӘҚ ж ДО жетекшісі

Тулекова Г. Х.______________________
«ААТ» кафедрасының профессоры